

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 16 мамырдағы № 459 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 27 желтоқсандағы № 1422 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 сәуірдегі № 329 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Мемлекеттік статистика мәселелері жөнінде кеңес құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 16 мамырдағы № 459 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2008 ж., № 24, 245-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін: көрсетілген қаулыға қосымшада:

Мемлекеттік статистика мәселелері жөніндегі кеңестің құрамына мыналар енгізілсін:

Қайырбекова - Қазақстан Республикасының Денсаулық
Салидат Зекенқызы сақтау министрі;

Жұмағұлов - Қазақстан Республикасының Білім және
Бақытжан Тұрсынұлы ғылым министрі;

көрсетілген кеңестің құрамынан Жақсылық Ақмырзаұлы Досқалиев,
Жансейіт Қансейітұлы Түймебаев шығарылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік статистика мәселелері
жөніндегі кеңес туралы ережеде:

11-тармақтағы «үш рет» деген сөздер «бір рет» деген сөздермен
а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*